

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резерв қорынан қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 5 ақпандағы N 81

Қызылорда қаласындағы ЖЭО-6-дағы аварияның зардалтарын жою мақсатында
Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қызылорда облысының әкіміне Қазақстан Республикасы

Үкіметінің резерв қорынан 56 (елу алты) миллион теңге бөлінсін.

2. Қызылорда облысының әкімі 1998 жылдың 1 тоқсанының
қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар
жөніндегі комитетіне орындалған жұмыстардың көлемдері мен құны
туралы хабарласын.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржы бақылау
комитеті бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуына бақылау жасауды
жүзеге асырсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі